

Although the term is still vividly contested, experts agree on the point that there really was need for the shift of focus towards pro-individual approach to security, as the preceding traditional state-centric approach to national security with state borders under protection proved inconsistent when some states themselves were reasons for domestic insecurities and rise of new challenges that had no borders – poverty, forced migration, and many others.

The comparative analysis revealed certain discrepancies in the approaches of the UN and Kazakhstan the nature of which is not yet clear but this gives grounds for further study.

References

1. Commission on Human Security. Human Security Now: Final Report. [Electronic resource]. - 2003. P.4. URL:<https://reliefweb.int/sites/reliefweb.int/files/resources/91BAEEDBA50C6907C1256D19006A9353-chs-security-may03.pdf>/(Accessed:01.04.2020)
2. Tadjbakhsh Sh. Human Security: Concepts and Implications with an Application to Post-Intervention Challenges in Afghanistan. [Electronic resource]. -2005. URL: <http://www.sciencespo.fr/cei/en/content/human-security-concepts-and-implications-application-post-intervention-challenges-afghanista/> (Accessed: 01.04.2020)
3. Human Development Report. 1994. New York. Oxford University Press. pp.24-33
4. Alkire S. A Conceptual Framework for Human Security. CRISE Working Paper. Centre for Research on Inequality, Peace and Human Security. [Electronic resource]. - 2003. P.2. URL:https://pdfs.semanticscholar.org/54e5/e2cba85d75dce75b8a79223d05630d0e5551.pdf?_ga=2.97725471.1265807638.1580673246-1101158891.1580673246/(Accessed: 30.03.2020)
5. Human Security In Theory And Practice. [Electronic resource]. -2009. P.10. URL: https://www.undp.org/content/dam/turkey/docs/news-from-new-horizons/issue-41/UNDP-TR-HSHandbook_2009.pdf
6. Конституция Республики Казахстан [электронный ресурс]. - URL: https://www.akorda.kz/en/official_documents/constitution (Accessed: 30.03.2020)
7. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527-IV «О национальной безопасности Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2020 г.) [электронный ресурс]. - URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31106860#pos=3;-155(Accessed: 30.03.2020)

ӘОЖ 339.977

ЦИФРЛЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ЫҚПАЛЫ

Амангелді Әсел Мұратқызы

assel.0101@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Далелхан А.

Қазіргі таңда цифрлы экономика, IT технология аясындағы халықаралық форумдар, дискуссиялар, жаңа жобалар, болжамдар қызу талқыдағы маңызды тақырыптардың біріне айналды. Жалпы цифрлы экономика дегеніміз не? Ең алдымен осы сұраққа жауап берсем. Алғаш рет «цифрлы экономика» термині ресми түрде 1995 жылы Массачусетс университетінің ғалымы Николас Негропonte әріптестеріне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты жаңа экономиканың бұрынғы экономикамен салыстырғандағы артықшылықтарын түсіндіру үшін қолданды.

Цифрлы экономика дегеніміз - сандық компьютерлік технологиялардың дамуымен тікелей байланысты қызметтердің саласы. Оған онлайн қызметтерді ұсыну, электрондық төлемдер, онлайн сауда, краудфандинг және тб кіреді. Әдетте цифрлық экономиканың негізгі

элементтерін электрондық коммерция, интернет – банкинг, электронды төлемдер, сонымен қатар интернеттегі жарнама және онлайн ойындар құрайды. Менің түсінігімде цифрлы экономика дегеніміз – өмірді, экономикадағы барлық қарым-қатынастарды жеңілдету тетігі болып саналады. Себебі біздің өмірімізде ақпараттық технологиялардың дамуы мен енгізілуінің арқасында біз көп қызметтерді делдалдардың көмегінсіз ақ атқара аламыз. Мысалы егер біз тамақтанғымыз келсе, бірақ тамақ дайындағымыз келмесе, интернет арқылы үйге дейін жеткізумен тапсырыс бере аламыз, егер досыңызға немесе кез-келген адамға ақша аудару үшін банк филиалына барудың қажеті жоқ, мобильді банк арқылы төлей аламыз, сондай ақ егер көлікті тіркеуді қажет етсек біз оны да онлайн режимде жасай аламыз, яғни мемлекеттік портал арқылы. Міне осы және де басқа шексіз қызмет түрлеріне біз баржоғысмартфон, компьютер және интернет қол жетімділігінің арқасында ғана жетіп отырмыз [1].

Сондықтан ендігі кезектегі қоғамның алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі - жаңа цифрлы технологияны саналы түрде түсініп, оны тиімді қолдана білу. Себебі, алда болатын технологиялық өзгерістер алатын ауқымы, күрделілігі жағынан адамзаттың оған дейінгі бастан кешкендерінің ешқайсысына ұқсамайды. Біз сол жаңа революцияның даму қарқынының алдында тұрғандаймыз және технологиялық өзгерістер қазірдің өзінде болып жатыр. Мәселен жасанды интеллект, роботтандыру, 3D принтерлер, нано технология, биотехнология, энергия алудың жаңа көздері, пилотсыз автомобильдер осы секілді технологиялық жаңалықтардың легі болашақта барынша дамып, бір-бірімен тығыз байланысып қуатты бір дүмпу, өзгеріс жасайтын күшке айналатын секілді [2].

Осы жағдайлардан кейін туындайтын заңды сұрақ цифрландыру мемлекеттердің экономикасына қаншалықты әсер етеді, оның қандай қандай мүмкіндіктері бар және қоғамдағы әрбір азамат қандай әрекет жасауы керек. Мен соның ішінде назарымды мемлекеттердің цифрлы экономикаға көшу барысында туындайтын басты сұрақтар – еңбек нарығының өзгеруі мен жұмыссыздыққа аударғым келеді.

Қазіргі таңда жұмыс кейпі, жағдайы мүлде өзгеріп жатыр. Бүгінгі жұмыс жасайтын адамдар әлдеқайда еркін, жан-жақты және өзіне ыңғайлы жағдай бар әлемнің барлық елдерінде жұмыс жасауға мүмкіндіктері бар. Білімді адамдардың көп бөлігі және әлемдік түрлі лидерлер «Hardskills» - ке (қатаң дағдылар, адамның нақты қабілеттерін бағалау көрсеткіші)қарағанда «Softskills» - тің (ікемді дағдылар, мамандандырылмаған, бірақ өмір мен мансап жолында маңызды рөл атқаратын дағдылар жиынтығы)маңыздырақ екенін ұдайы айтуда және көп басымдылықты соған беруде.

Енді өмір бойы тек бір мамандықта жұмыс істеу принципі артта қала бастайды. Адамдар өмір бойы білімдерін жетілдіру үстінде болады, әрі кез-келген жаңашылдыққа дайын болады. Қазіргі таңда білім деген тек – мектеп немесе университет қабырғасында оқу емес. Кез-келген адам білімді өз ыңғайына қарай ікемдеп, модельдей алады. Ендігі кезекте әлемде тұрақтылық болмайды, яғни әлемнің үйреншікті бірқалыпты бейнесі болмайды. Есесіне бізде әлдеқайда көп еркіндік, тұлға ретінде өзіңді толықтай ашуға мүмкіндік пайда болады. Түптеп келгенде экономиканың өзгеруі – ол бүгін біздің өмір сүруімізге, барлық қажетті дүниелерімізді сатып алуға көмектесетін ақша мен ақша қатынастарының өзгеруіне алып келеді [3].

Алайда, қазіргі цифрлы экономикаға өту жағдайында потенциалды(әлеуетті) қызметкерге жұмыс берушінің талаптарынан шығу жыл сайын қиындап бара жатыр. Мұндай жағдайдың пайда болуы төртінші революциялық индустрияның бір белгілерінің бірі болып табылатын «роботтандыру» процесімен байланысты. Мысалы, 2016жылы Қытайдағы 10мың жұмыссызға 36 өндірістік роботтан келген. Германияда бұл көрсеткіш 8 есе, Жапонияда 9 есе, ал Оңтүстік Кореяда 13 есеге көп болған. Автоматтандырудың тағы бір мысалы: қытайлық Дунгуань қаласындағы ұялы бөлшектер шығаруға арналған ChangyingPrecisionTechnology компаниясы өзінің 90% қызметкерлерін роботтарға алмастырды. Жақсы нәтижелер өзін көп күттірген жоқ, қазіргі таңда тауарлардың өнімділігі 250% -ға өсті. Себебі роботтарға ұзақ уақыт қалыпқа келудің, арнайы еңбек шарты мен шектеулі жұмыс графигін жасаудың

қажеттілігі жоқ. Ал одан да маңыздысы дайын тауарларда кездесетін ақаулардың саны 80%-ға қысқарды. Яғни бұл компания адами факторды барынша қысқарту арқылы тауардың сапасын мейлінше жақсартып, өнімділікті арттырды [6].

Бұл шаралар ҚХР-дің -өндірістік робототехника модернизациялаудың негізгі элементі болып саналатын «MadeinChina 2025» толық технологиялық тәуелсіздікке қол жеткізу жоспары аясында жүзеге асырылып жатыр [4].

Бірақ бұл жерде пайда болған үлкен проблема қызметінен босатылған адамдар жұмыссыз қалды. Дунгуань қаласы – 6 миллион халқы бар, ірі өндірістік орталық болғандықтан, біртіндеп өнеркәсіптің автоматтандырылуынан жұмыссыздар санының көбею қауіпі бар. Себебі жасалған өзгерістер нәтижесінде басшылықтың 650 жұмысшысын роботтарға алмастырғаны белгілі болды, компанияда қазіргі таңда 60 адам жұмыс жасайды, алдағы уақытта жұмысшылар саны 20 адамға дейін қысқаратындығы сол өндіріс орнының бас директоры Ло Вэйцянмен атап өтті [6]. Ал менің көрсеткенім бірнеше мысал ғана. Бұл көрсетілген деректер жасанды интеллекттің артықшылықтарын толығымен ашып отыр.

Сонымен қатар бүгінгі таңда біртүпті ауыр физикалық жұмыстарды машиналар атқарады, ал роботтармен адамдар шектеулі физикалық мүмкіншіліктеріне байланысты тіптен бәсекелестік тудыруға қабілетсіз. Сонау 1931 жылдың өзінде-ақ экономист, кейнсиандық бағытты қалыптастырушы Джон Майнард Кейнс технологияның еңбек нарығына теріс ықпалын болжаған болатын. Ол өз сөзінде еңбекті тиімді пайдаланудың жолдарының қарқынды түрде дамуы, оларды жаңа еңбек түріне қолдану темпімен салыстырғанда анағұрлым жедел жүретіндігін ескертті. Күн санап өсіп келе жатқан жұмыс орындарының автоматтандырылуы адамдарды әлемдік экономикадан ығыстыра бастайды. Сәйкесінше ғаламдық масштабтағы жұмыссыздық деңгейінің өсуіне алып келеді. Мұндай негативті құбылыс құрылымдық сипатқа ие болатын болады. Алда болатын төртінші өнеркәсіптік революция ең алдымен кітапханашы, бухгалтерлер, мұғалімдер, мемлекеттік және муниципалды қызметкерлер, қаржы сарапшысы секілді мамандықтарға қауіп төндіреді. Оксфорд университетінің ғалымдарының ойы бойынша мұндай әлемді қамтыған критикалық жағдайларды қарастыратын болсақ, 2040-2045 жылға қарай 47%-ға жуық жұмыс түрі жойылады.

Америкалық экономист, Массачусетс технологиялық институтының профессоры Дэвид Аутор технологиялық жұмыссыздық негізінен орта деңгейлі жұмыссыздарға әсер етеді деп есептейді, себебі экономикалық тиімділік тұрғысынан дәл осы деңгейлі білімі бар мамандықтар салыстырмалы түрде жоғары жалақы алады.

Оксфорд-Мартин мектебінің қызметкерлері экономист Карл Фрэй және компьютерлік сарапшы Майкл Осборн автоматтандырылу қауіпіне байланысты 702 мамандыққа зерттеу жүргізді және осы зерттеу бойынша технологиялық инновацияның жұмыссыздыққа қаншалықты әсер ететіндігін байқап көргісі келді. Сонымен ең үлкен жұмыссыз қалу қауіпінің пайызын телефон сату саласындағы мамандар алып отыр, одан кейінгі кезектегі жұмыссыздық қауіпі құжаттарды рәсімдеу қызметі, спорт саласындағы кейбір қызметтер, құқықтық мәселелер бойынша хатшылар, даяшылар, курьерлер және жылжымайтын мүлік сату агенттіктерінің саласына төніп отыр.

«TheFutureofJobs» атты зерттеудің нәтижелері бойынша 2020 жылға қарай әлемдік еңбек нарығына 2 млн жаңа жұмыс орындары ашылып, орнына 7,1 млн жұмыс орны жойылады деп есептеледі.

Сонымен қатар ғалымдар компьютерлік мамандықтар бойынша жұмыспен қамтылудың өсуі 4,54 % - ға, ал инженерлік жобалау бойынша жұмыспен қамтылу жыл сайын 3,54 % - ға өсетіндігін айтады. Бірақ техникалық қызмет көрсету, жөндеу, жабдықтарды орнату мамандықтарының жұмыспен қамтылуы 8% - ға, ал кеңсе қызметкерлеріне сұраныс 6,2% - ға төмендейтіндігі айтылады.

McKinsey бағалауы бойынша 2030 жылға қарай әлемдегі жұмыс операцияларының 50% - ға жуығы автоматтандырылуы мүмкін және бұл процестің масштабы XVIII-XIX-дағы өндірістік революциямен пара-пар болады. Робототехника өндірістен бастап, ауыл

шаруашылығына, жеке саудадан қызмет көрсетуге дейінгі көп салаға әсер етіп жатыр. Халықаралық роботехника федерациясының мәліметтеріне сәйкес қазіргі таңда әлемде 1,1 млн робот жұмыс істейді. Оң ықпалы: көп уақыт үнемделеді, материалдарға қолжетімділік, өнім мөлшері мен жұмыс сапасы артады, өндірістік решоринг жасаудың қажеті болмайды, кәсіпкерлердің шығындары азаяды. Теріс ықпалы: өзіміз білетіндей ең алдымен миллиондаған адамдардың жұмыссыз қалуы және кибер шабуылдар қауіпі. Екінші бір танымал болып келе жатқан жаңа технологиялардың бірі - 3D басып шығару. Бұл дегеніміз алдын- ала жіберілген цифрлық 3D сурет немесе моделі арқылы өте күрделі өнімдерді жеңіл жасап шығару әдісі [2].

Қазіргі таңда 3D принтерлер арқылы әдетте түрлі тұрмыстық, әсіресе ас үйге қажетті құралдар, конструкциялар, ойыншықтар жасалады. Сонымен қатар баспа, медицина секілді салаларда қолданылады. 2019 жылы 3D басып шығару саласында үлкен жетістік болды. АҚШ-тағы Мэн университетінде 3D принтерде алғаш рет жеке бөлшектерде емес, толығымен салмағы 5мың фунт(2,3 тонна) болатын 3Driigo атты катер басып шығарылды. Осылайша бұл жаңалық гиннестің рекордтаркітабіна бірден 3 аталым бойынша кірді: полимерлі материалдарға арналған 3D принтердің ең үлкен прототипі, 3D технологияны қолданып жасаған ең үлкен объект және 3D принтерде басып шығарылған ең үлкен катер. [7].

Міне 2019 жылдың өзінде-ақ 3D принтерлер технологиясы осындай жетістіктерге жетіп жатса, алдағы 5-10 жылдықтағы жететін табыстарын болжау қиын емес. 3D принтердің оң ықпалы: өнімді өңдеудің жылдамдығы артады, күрделі детальдар жеңіл жасалады. Теріс ықпалы: жұмыссыздық, идеядағы қарақшылық [2]. Дегенмен бұл халықаралық консалтингтік компанияның мамандары жақын арада қалыптасқан мамандықтардың тек 5%-ын ғана автоматтандыру мүмкін деп есептейді, ол өндірістік роботтардың бастапқы қолданысқа ие болған уақытында құнының жоғары болуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар IFR халықаралық робототехника федерациясының бас хатшысының пікірінше автоматтандыру үдерісін тек негативті тұрғыдан қарастыруға болмайды. Себебі роботтар адамдардың денсаулығына үлкен қауіп төндіретін өндірістік операцияларда алмастыра алады және соңғы машиналық құрылғылардың енгізілуі есесіне жаңа мамандықтардың толығымен өтеліп кетеді. Осылайша тек экономистер ғана емес, жалпы жұмысшылар мен жұмыс берушілер де цифрлық компетенцияның қажеттілігін мойындап отыр.

Цифровизация көлік және логистика саласын, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, денсаулық сақтау және білім салаларының тиімділігін арттыруға көмектеседі [4].

Мәселен көлік және логистика саласына келер болсақ, белгілі футуролог және өнертапқыш Рэй Курцвейл 2030 жылдан кейін пилотсыз автомобильдердің жолда артатындығын болжайды және адамдарға компьютерлік көмекшілермен жабдықталмаған автомобильдің руліне отыруға тыйым салыну қолға алынатындығын айтады. Келесі 10 жылдыққа қарай пилотсыз автомобильдер 99% апаттар мен жыл сайын көлік қақтығысынан туындайтын 2 млн өлімнің алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар, 2030 жылға қарай күн энергиясы арзан және кең таралғаны соншалықты, ол адамзаттың барлық энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті болады [8].

Алдағы уақытта «адами капитал» инновациялық экономикалық өсімнің басты қозғаушы күшіне айналады. Себебі қазір «адами капитал» түсінігі еңбек өнімділігін арттыратын және жаңа технологиялық инновацияларды тез меңгеруге байланысты жиналған білімі, қабілеттері мен қасиеттері бар адамдармен байланыстырылады [5].

Қай жағынан болмасын адами капитал білім жүйесімен тікелей байланысты. Сондықтан қазіргі таңда қоғамға ақпараттық коммуникациялық технологияларды жетік меңгерткізу үшін цифрлы сауаттылығы бар кадрлар көптеп дайындалуда, оларға байланысты мамандықтарға салыстырмалы түрде білім гранттары көп бөлінуде, жеке университеттер, ғылым орталықтары ашылып жатыр. Міне осы секілді өзгерістерге қарап, біз IT

технологиялар саласындағы мамандарға деген сұраныстың күрт артатынын байқадық. Нақтырақ айтсақ ол: программистер, жүйелік инженерлер(системныеинженеры), АКТ жобалаушылар, робототехниктер, инновациялық дамыту бойынша консультанттар, интеллектуалдық қабілеттерді дамытуға көмектесетін коучтар және тб.

Жұмыссыз қалу қауіпі ең аз төніп тұрған салалар - әлеуметтік қызметкерлерде және де шығармашылық, терең логикалық қабілеттерді қажет ететін мамандықтарда. Себебі жасанды интеллект әлі көп уақыт бойы стандартты емес ойлауды, күрделі, тұрақсыз ситуацияларда креативті шешім қабылдауды және белгілі бір іс-әрекеттердегі эмоционалдық компоненттерді толықтыра алмайды. Автоматтандырылуға ең аз түсетін мамандықтар: хореографтар, терапевтер, хирургтар, кадрлық ресурстарды басқарушылар, компьютерлік жүйенің аналитиктері, антропологтар, археологтар, кеме жасаушылар және сауда менеджерлері.

Мақалада айтылғандардан байқағанымыздай цифрлық экономиканың дамуы- еңбек нарығын және экономикадағы жұмыспен қамтудың құрылысын өзгертеді. Цифрлық білімі бар, жоғары білікті мамандарды дайындау үшін және қызметкерлерді жаңа жағдайға, бәсекеге қабілетті болуға тез бейімдеу үшін мемлекеттік, коммерциялық институттардың рөлі артатын болады.Қандай мемлекет болмасын мықты адами капиталдың базасын жинақтауға көмектесетін тиімді білім жүйесінсіз цифрлы экономикаға көшу мүмкін болмайды. Сондықтан болашағын ойлайтын кез-келген ел білім жүйесінің ХХІғасырдың талаптарына сай болуы үшін бар күшін салады. Цифрлы экономика бізге әлеуметтік мәселелерді шешуге, мемлекет, бизнес, халық арасындағы байланысты жеңілдетуге, еңбек белсенділігін арттыруға көмектесіуі қажет. Цифрлы экономиканың басты қозғаушы күші сөзсіз жоғары білікті, жинақталған адами капиталы бар, кез-келген өзгерістерге дайын, тез икемделгіш адам болып қала бермек [4].

Цифрлық экономикаға өтудің және қоғамның жасанды интеллектіні қабылдау деңгейінің жоғары болу керектігінің маңыздылығын бүгінде әлемді жайлаған коронавирус індеті тағы бір дәлелдеп отыр, ендігі кезекте індет басылған соң әлемдік экономиканың бұрынғыдай болмайтындығы сөзсіз.

Қорыта айтатын болсам цифрлық технологиялардың бізге алып келер пайдасы қаншалықты керемет болса, одан төнетін қауіште соншалықты деңгейде. Бүгінде біз төртінші революциялық индустрияның бастапқы кезеңінде тұрмыз, болашақты көреміз және одан да маңыздысы – оны анықтауға қабілеттіміз [2]. Цифрлы технологиялар елдің жалпы экономикалық бәсекеге қабілеттілігін және ұлттық қауіпсіздікті арттырудың негізгі құралына айналуға. Көптеген елдер (қазіргі уақытта отыздан астам) жасанды интеллектті дамыту процесіне кірісіп кетті, бірақ технологиялық көшбасшылар қазірдің өзінде анық, бұл - АҚШ пен Қытай. Сондықтан біз Қазақстан үшін жасанды интеллект болашағын ашатын және жаңа технологиялық революция көшбасшыларының әлемдік қауымдастығына ықпалдасуға мүмкіндік беретін тиімді жүйені құра аламыз ба? Біз жасанды интеллект триумфының алдында осы ұстанымды сақтап, жаһандық міндеттер мен барлық пікірталастарда және шешімдер қабылдауда толыққанды дауысқа ие басқа дамыған елдерге қосыла аламыз ба? Қазақстанға осы сыни сұрақтарға жауап қазір қажет. Себебі Елбасымыз айтқандай: «...Егер біз мұны жасамайтын болсақ, 10 жылдан кейін алға кеткен елдердің шаңында қаламыз... Жаһандық әлемдегі елдің орны, рөлі дәл осыған байланысты...» [8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.fingramota.org/teoriya-finansov/item/2198-что-такое-tsifrovaya-ekonomika>
2. Клаус Шваб //Төртінші индустриялық революция// 2018.
3. Александр Брисколини//<https://www.youtube.com/watch?v=e57jCbh7G8Y>
4. Б. Е. Сергеевна, К. А. Валерьевич.Современный рынок труда в условияхстановления и развитияцифровойэкономики// Наука. Общество. Оборона (noo-journal.ru). – 2019. - №3 (20)/<https://www.noo-journal.ru/nauka-obshestvo-oborona/2019-3-20/article-0197-1/>

5. Д.С. Алексеевич, Д. М. Алексеевич. Формыреализации человеческого капитала в цифровой экономике // Научная статья // <https://cyberleninka.ru/article/n/formy-realizatsii-chelovecheskogo-kapitala-v-tsifrovoy-ekonomike/viewer>
6. https://24tv.ua/ru/kitajskaja_kompanija_zamenila_90_sotrudnikov_na_robotov_produkktivnost_vyrosla_na_250_n778783
7. <https://seanews.ru/2019/10/21/ru-kak-pechatali-kater-na-3d-printere/>
8. К. Масимов // Следующий властелин мира. Искусственный интеллект" // 2019.

ӘОЖ 327.1

«БІР БЕЛДЕУ-БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Амзенова Жанель Жанатовна

zhanel_500@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Қытайдың «Жаңа Жібек жолы» жобасына көңіл аударуы Орталық Азияның саяси әлеуетін Азия дамуының Азия-Тынық мұхит аймағына көшіру үдерісінде геостратегиялық жоспарларымен анықталады. Орталық Азиядағы мемлекеттердің теңізге шығу мүмкіндігі жоқ, бұл аймақтың елдерінің экономикаларын дамытуға үлкен кедергі.

Жаңа Жібек жолын құру Орталық Азияны Азия-Тынық мұхиты аймағын және Еуропаны байланыстыратын ыңғайлы дәлізді құруға мүмкіндік беріп қана қоймай, Орталық Азия елдерінің сыртқы әлеммен байланыстарын кеңейтеді. Өз кезегінде, энергияға бай Орталық Азия Қытайға өзінің географиялық жақындығымен ғана емес, Орта Шығыстан суды экспорттаудың (Ормуз бөгесін жабудың) саяси қатерінің және тұрақсыз жеткізілімдердің (Малакка бөгетіндегі қарақшылық) байланысты ерекше қызығушылық тудырады [1].

Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің ұлттық мүдделері тұрғысынан Қытайдың Жібек жолы экономикалық белдеуі бастамасының даму перспективаларында бірқатар мәселелер бар.

Сыртқы бақылаушылардың арасында кең таралған Орталық Азияны бірыңғай аймақ ретінде қарастырудың тұрақты көзқарасы көп жағдайда қате болып табылады [2]. Аймақ мемлекеттері арасында шешілмеген қайшылықтар мен қақтығыстар әлі де сақталуда. Шекаралар мен этникалық анклавдардың проблемалары ықтимал қауіпті болып қалады, аймақшылдық және трайбализм мәселелерінің рецидивтері болып тұрады. Өмірлік су ресурстары негізінен біркелкі бөлінбейді [3]. Ұзақ уақыт бойы Орталық Азия Азия мен Еуропаны байланыстыратын ішкі дәліз болды. Бұл қазіргі уақытта өзекті болып қала береді, сондықтан сыртқы күштерде ұзақ уақыт бойы тәуелсіз Орталық Азия интеграциясының қажеттілігі болмады.

Сондай-ақ, Орталық Азияның саяси элиталары, олар үшін ішкі саяси бәсекелестікті тудыратын ұлтүстілік құрылымдардың пайда болуына қызығушылық танытпаған жоқ. Дегенмен, саяси деңгейде ЖЖЭБ идеясы Орталық Азияның барлық мемлекеттерімен қабылданды. Бұның басқа жобалардан айырмашылығы, қытайлық бастаманың ерекшелігі - оның қатысушылары үшін саяси талаптардың мүлдем болмауы. Сонымен қатар, Қытайға шектен тыс риясыздық тән деп айту қате болар еді.

Жібек жолының экономикалық белдеуі жобасы Еуразиялық көліктік дәліз тұжырымдамасын іске асырудың алғашқы концепциясы болмаса да, көбінесе ықтимал мүмкіндіктерге ие концепция. ЕО-тың бұрынғы TRASECA немесе CAREC деп аталатын азиялық кәсіпкерлік тұжырымдамалары жеткілікті дәрежеде үйлестірілмеген деп сынға ұшырады [4].